

АРДАХАН УНИВЕРСИТЕТІ

ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨТІНІШ БЕРУ, ҚАБЫЛДАНУ МЕН ТІРКЕЛУ ШАРТТАРЫ

ӨТІНІШ БЕРЕТІН ҮМІТКЕР

Түркиядан және шетелден өтініш беретін үміткерлер Ардахан университетінің ресми интернет web парақшасындағы (www.ardahan.edu.tr) арқылы (ÜBYS – Menü – Uluslararası Öğrenci Sınavı Başvurusu) *Халықаралық Студент емтиханына өтініш беру* линкіне кіріп тіркеледі. Өтініш беру мерзімін өткізіп алған үміткерлердің өтініштері қабылданбайды.

1. Үміткерлер орта мектепті бітіргені туралы аттестаттарының ұпайларына қарай өтініш береді.
2. Үміткерлер қалауы бойынша 2022-2023 оқу жылындағы Шетелдік студенттер үшін емтихан (YÖS) ұпайлары арқылы да өтініштерін бере алады. Оқуға түсу кезінде аттестат ұпайының 60 пайызы, (YÖS) ұпайының 40 пайызы есепке алынады.

2023-2024 оқу жылы Ардахан университетіне өтініш берген шетелдік үміткерлер (*Халықаралық студент*) ақылы бағдар тренингі (ориентационное обучение) алуға міндетті. Шетелдік үміткерлердің бағдар беру тренингі үшін төменде көрсетілген есеп шотқа АҚШ доллары түрінде 50 доллар немесе түрік лирасымен 1250 лира төленуі керек. Шетелдік үміткерлер бағдар беру тренингі ақысын төлегеннен кейін Шетелдік үміткерлердің *Өтініш беру экранынан* бағдар беру тренингін ашып көруге болады. Шетелдік үміткерлер осы видеоны көргеннен кейін өтініш бере алады.

түрік лирасы (TL)

Атауы: Ö.K. ORYANTASYON HES.

Банк бөлімшесі: Türkiye Halk Bankası A. Ş. / 678 Ardahan Şubesi

Банк есеп шоты (IBAN): TR630001200967800004000131

Өтініш ақысы: 1250 (мың екі жүз елу түрік лирасы)

АҚШ доллары есеп шоты

Атауы: ULUSLARARASI ÖĞRENCİ

Банк бөлімшесі: Türkiye Halk Bankası A. Ş. / 678 Ardahan Şubesi

Банк есеп шоты (IBAN): TR780001200967800058000149

Өтініш ақысы: 50 USD (елу доллар)

Өтініш беретін үміткерлердің:

а) Лицейді (жоғары сыныпты) бітіруші немесе бітіргендердің,

1) Шетел азаматтарының,

2) Туылғанда түрік азаматы болып туылып, Түркияның Ішкі істер Министрлігінен түрік азаматтығынан шығуға рұқсат алғандардың және түрік азаматтығынан шығу құжатында тіркелген кәмелетке толмаған балаларының түрік азаматтығының заңдарына сәйкес алынған құқықтары құжатында көрсетілгендердің,

3) Кейіннен түрік азаматтығына өткен шетелдік екі елдің азаматтығы барлардың,

4) Орта мектепті **Солтүстік Кипр Түрік Республикасынан (СКТР)** басқа шетелде бітірген Түркия азаматының (СКТР нан басқа шетелде түрік мектептерін бітіргендерді қосқанда);

5) СКТР азаматы, СКТР тұратын және ортамектепті бітіріп, GCE AL (The General Certificate of Education – Advanced Level) емтиханын сәтті тапсырғандар және 2005-2010 жылдары арасында басқа мемлекеттерге барып лицей немесе колледжі бітіріп GCE AL емтихандарын тапсырғандардың,

өтініштері қабылданады.

б) Үміткерлерден;

- 1) Орта мектепті толықтай Түркияда немесе СКТР да бітірген Түркия Республикасының азаматының,
- 2) Солтүстік Кипр Түркия Республикасы (СКТР) азаматтарының (СКТР-да толықтай ортамектепті бітіріп, GCE AL (The General Certificate of Education – Advanced Level) емтиханын сәтті тапсырғандар және 2005-2010 жылдары арасында басқа мемлекеттерге барып лицей немесе колледжі бітіріп GCE AL емтихандарын тапсырғандардан басқа),
- 3) Алғашқы азаматтығы Түркия Республикасының азаматы болып, кейіннен екінші азаматтық алғандардың (СКТР нан басқа шетелде түрік мектептерін бітіргендерден басқа),
- 4) Азаматтығының бірі СКТР болған екі азаматтығы бар (СКТР-да толықтай ортамектепті бітіріп, GCE AL (The General Certificate of Education – Advanced Level) емтиханын сәтті тапсырғандар және 2005-2010 жылдары арасында басқа

мемлекеттерге барып лицей немесе колледжі бітіріп GCE AL емтихандарын тапсырғандардан басқа),

- 5) Түркиядағы шетелдік елшіліктер жанындағы мектептер мен Түркиядағы шетелдік лицейлерді бітірген Түркия Республикасы азаматтарының немесе туғаннан кейін шетел азаматтығын алған екі елдің азаматтарының, өтініштері қабылданбайды.

Үміткерлер аттестаттарындағы ұпайларына қарай конкурсқа қатысады. Үміткерлер қала Шетелдік студенттер үшін емтихан (YÖS) ұпайлары арқылы да өтініштерін бере алады. Оқуға түсу кезінде аттестат ұпайының 60 пайызы, (YÖS) ұпайының 40 пайызы есепке алынады.

Түрікше деңгейлерін анықтау емтиханы мен Түркиядағы ЖОО-нан алынған Түрікше меңгергені туралы сертификаттары жоқ үміткерлер университетімізде TÖMER (Түрікше үйрету орталығы) тарапынан жүргізілетін міндетті 1 жылдық дайындық курсынан өтеді. Түрікше білмейтін үміткерлер Түрікше үйрету орталығына 06.10.2023 күніне дейін тіркеле алады. С1-С2 сертификаттарын алған жағдайда келесі оқу жылынан бастап, университетке толық тіркеледі.

Түркиядағы кез-келген ЖОО-нан Түрікшені меңгергені туралы сертификаты бар Үміткердің Ардахан университетінің Түрікше емтиханына қатысуға міндетті емес.

Түрікше тест нәтижесі бөлімдерге орналастыруда назарға алынбайды.

Түрікше білу дәрежелері;

- a) С1 және С2 деңгейі; түрікшені жақсы меңгерген. Түскен мамандығына құжатын тапсыруға болады.
- b) В1 және В2 деңгейі; түрікшені жеткілікті білмейді, бірақ ары қарай жетілдіре алады. Түрікше курсына бару шартымен түскен мамандығына сәйкес оқуға қабылданады. Студент үшінші семестрдің басталуына дейін С1 және С2 дәрежесіне жеткенін құжаттандыруы керек. Осы көрсетілген мерзімге дейін В1 және В2 дәрежесінде түрікше білетіндер С1 және С2 дәрежесіне жеткенін құжаттандырмаса оқуын жалғастыра алмайды.
- c) А1 және А2 деңгейі; түрікшесі жеткіліксіз. Түрікше курсқа баруы керек. Олар да үшінші семестрге дейін С1 және С2 дәрежесіне дейін түрікшелерін жетілдірулері керек. Түрікше білу дәрежесін С1-С2 дәрежесіне жеткізгендер оқуға қабылданады. В1 және В2 дәрежесіндегілер түрікше білу дәрежесін С1 және С2 дәрежесіне көтерулері керек.

Түрікше білу деңгейі және балдық көрсеткіштер төмендегілей:

| Түрікшені білу деңгейі | Балдық көрсеткіштер | Түсініктемелер |
|------------------------|---------------------|--------------------------------------------------|
| C2 | 90-100 | Түрікшесі жеткілікті |
| C1 | 80-89 | Түрікшесі жеткілікті |
| B2 | 65-79 | Түрікшесін қысқа уақытта жақсарта алады |
| B1 | 50-64 | Түрікшесін қысқа уақытта жақсарту мүмкіндігі бар |
| A2 | 25-49 | Түрікшесі жеткіліксіз |
| A1 | 0-24 | Түрікшесі жеткіліксіз |

ТҮРІКШЕ БІЛУ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Ардахан университетінде үміткерлердің түрік тілін қай деңгейде білетінін анықтайтын емтихан ТӨМЕР-де (түрік тілін үйрету орталығында) 07.08.2023 – 15.09.2023 күндері аралығында Ардаханда өткізіледі.

Түрік тілін меңгеру деңгейін анықтайтын емтихан үш түрлі бағытта өтеді: оқылым, жазылым және сөйлеу. Емтиханға берілетін уақыт 1,5 сағат.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ ТӨМЕР-ДІҢ ДЕҢГЕЙ АНЫҚТАУ ЕМТИХАН КЕСТЕСІ

| | | | | | |
|--------------|--------------|--------------|--------------|--------------|--------------|
| 11.08.2023 | 18.08.2023 | 25.08.2023 | 01.09.2023 | 08.09.2023 | 15.09.2023 |
| Жұма | Жұма | Жұма | Жұма | Жұма | Жұма |
| Сағат: 10:00 | Сағат: 10:00 | Сағат: 10:00 | Сағат: 10:00 | Сағат: 10:00 | Сағат: 10:00 |

ТӨМЕР (түрік тілін үйрету орталығы) тарапынан **07.08.2023-15.09.2023** күндері аралығында өтетін тілдік деңгей анықтау емтиханына қатысу үшін үміткерлердің төменде берілген есепшотқа 400 түрік лирасы төлеп емтиханға дейін түрік тілін үйрету орталығына өзі келіп тапсыруы немесе электронды пошта адресіне жолдануы керек.

Емтихан өтетін орын:

Ардахан университетінің қала орталығындағы ғимараты (ARÜSEM), 1-қабат, ТӨМЕР-дің дәрісханасы. Ардахан/Орталық.

Емтихан уақыты: 10:00

Банк атауы: T.C Halkbank A.Ş. – 678 / Ardahan Şubesi

Есепшот (IBAN Numarası): TR430001200967800005000076

Емтихан ақысы: 400 TL

Түркияның Жоғары Оқу Орындарында білім алатын шетелдік студенттердің

Түркияға кіру және Түркияда тұруға рұқсат алу үшін қажетті шаралар;

- Түркияға келмей тұрып жасалатын жұмыстар (Паспорт шығару)
- Түркияға келгеннен кейін жасалатын шаралар (Мекен-жай (**ikamet**) рұқсаты)

- Тұруға рұқсат құжатын (**ikamet tezkeresi**) алғаннан кейінгі шаралар (Хабардар ету)

Түркияға келмей тұрып жасалатын жұмыстар (Паспорт шығару)

Университетімізге өтініш берген шетелдік студенттің адресіне қабылдау емтиханына шақырту жіберіледі. Студенттер осы шақырту хаттың негізінде өздеріне шетелге шығуға паспорт шығартады.

Түркияда білім алу барысында күн көрісін қамтамасыз ететіндей материалдық жағдайын көрсететін (банк есепшоты, стипендия құжаты т.б.) анықтама.

Қажетті жағдайда қосымша құжат сұратылуы мүмкін.

Түркияға келген күннен бастап жасалатын шаралар (Мекен-жай рұқсатын шығару)

Түркияға кірген күннен бастап 30 күн ішінде төмендегі құжаттарды алып, білім алатын жердің Облыстық **Көші-Қон Басқармасының (İl Göç İdaresi Müdürlüğü)** шетелдіктерді тіркейтін бөлімшесіне өтініш жасап, шетелдіктерге арналған тұру рұқсаты құжатын (**ikamet**) алу міндетті.

- а. Жоғары оқу орнынан алынған (тіркелгені, қабылданғаны т.б.) анықтама,
- б. Мерзімі өтпеген жарамды паспорт,
- в. Түркияда білім алу барысында күн көрісін қамтамасыз ететіндей материалдық жағдайын көрсететін (банк есеп шоты, стипендия құжаты т.б.) анықтама,
- г. Тұруға рұқсат беретін құжаттың төлемақысы,
- е. Қажетті жағдайда қосымша құжат сұратылуы мүмкін.

Тұруға рұқсат құжатын алғаннан кейінгі шаралар (Хабардар ету)

а. Білім алу мақсатында тіркеуге тұруға рұқсат алған шетелдік студенттер 1 күн ішінде Облыстық Көші-Қон Басқармасынан **Түркия Республикасы Жеке құжат нөмерін (TC Kimlik numarası)** алуы керек.

б. Тұру рұқсатын алған шетелдік студенттер құжатта көрсетілген тұру мерзімі бітпей немесе мерзімі біткеннен кейін 15 күн ішінде Облыстық Көші-Қон Басқармасына өтініш беріп, мерзімін созырулары керек.

в. Оқуды бітіргенде, оқудан шығып қалған т.б. жағдайларда **15 күн** ішінде, адрес ауысқанда **48 сағат** ішінде Облыстық Көші-Қон Басқармасын хабардар ету керек.

г. Тұруға рұқсат беретін құжатты бүлдіруге болмайды, жоғалған жағдайда бірден Облыстық Көші-Қон Басқармасын хабардар етіп, басқасын алу керек.

е. Студенттер Облыстық Көші-Қон Басқармасынан тұруға рұқсат құжаты мен ТР Жеке құжат нөмерін алғаннан кейін, өздерінің өтініш берген университетінен анықтама алып, Облыстық Әлеуметтік Сақтандыру Басқармасына барып (**SGK**) Жалпыға Ортақ Медициналық сақтандыру құжатын жасатуы керек.

ОҚУҒА ТОЛЫҚ ҚАБЫЛДАНУ КЕЗЕҢІ

- Университетімізге түскен шетелдік студенттерге университеттен уақытша студенттік анықтама беріліп, студент Облыстық Көші-Қон Басқармасына жіберіледі. Ол жерде студентке тұру рұқсат құжаты жасалады. Тұру рұқсаты жасалған шетелдік студентке 1 күнде Көші-Қон Басқармасынан ТР құжат нөмері де беріледі.
- Тұруға рұқсат құжаты мен ТР құжат нөмерін алған шетелдік студентке қайтадан студент екенін көрсететін анықтама беріліп, ол Облыстық Әлеуметтік Сақтандыру Басқармасына (SGK) Жалпыға Ортақ Медициналық Сақтандыру құжатын жасатуы үшін жіберіледі. Медициналық Сақтандыру 1 күнде жасалады.
- Тұруға рұқсат құжаты мен ТР құжат нөмерін алған және Жалпыға Ортақ Медициналық Сақтандыру құжатын жасатқаннан кейін ғана студенттің аты-жөні оқуға қабылданғандар жүйесіне енгізіледі.
- Толық қабылданғандар жүйесіне енгеннен кейін, шетелдік студенттің барлық құжаттары өзі оқитын студенттік канцеларияға жіберіледі.
- Шетелдік студент толық қабылданғаннан кейін, студент туралы толық мәлімет университет тарапынан Облыстық Көші-Қон Басқармасына мен Облыстық Әлеуметтік Сақтандыру Басқармасына қызмет хат арқылы жіберіледі.

ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТІҢ ТІРКЕЛУІ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

Орта мектеп (лицей) аттестатының түпнұсқасы және өз еліндегі Түркия Республикасының Елшіліктері немесе Консулдықтарынан мақұлданған түрікше нұсқасы, Орта мектеп (лицей) аттестатының түпнұсқасының түрік лицейлері берген аттестатқа сәйкес келетіні туралы Түркия Республикасы Білім Министрлігінен немесе Түркия Республикасы Елшілігінен алынған сәйкестік құжаты (denklik belgesi),

Аттестат бағалары қойылған құжаттың түпнұсқасының өз елдеріндегі Түркия Республикасының Елшіліктері немесе Консулдықтар мақұлдаған түрікше нұсқасы,

Жеке куәлік немесе паспортының өзі туралы мәлімет беретін парақтарының өз елдеріндегі Түркия Республикасының Елшіліктері немесе Консулдықтарынан мақұлданған түрікше нұсқасы,

Үміткерлер 2022 және 2023 оқу жылындағы шетелдік студенттер емтиханы (YÖS) ұпайымен өтініштерін бере алады.

Оқудың үлес жарнасын төлегені туралы банк түбіртегі (тіркелу кезінде сұралады).

Халықаралық деңгейдегі шет тілін және түрік тілін білу дәрежесін дәлелдейтін құжаттардың Түркия Республикасының Елшіліктері немесе Консулдықтары мақұлдаған нұсқасы, (осындай құжатқа ие болған жағдайда)

10 дана құжаттық фото.

ТР Жеке құжат нөмері (Облыстық көші-қон басқармасынан 1 күнде алынады.)

Жалпыға Ортақ Медициналық Сақтандыру (Облыстық Әлеуметтік Сақтандыру Басқармасынан 1 күнде алынады.)

Үміткерлердің өтініш ақысының төленгенін растайтын банк түбіртегі, тіркеу кезінде құжат ретінде тапсырылады.

ЕСКЕРТУ:

Түркиядан және шетелден өтініш беретін үміткерлер Ардахан университетінің ресми интернет web парақшасындағы (www.ardahan.edu.tr) арқылы (**ÜBYS – Menü – Uluslararası Öğrenci Sınavı Başvurusu**) *Халықаралық Студент емтиханына өтініш беру* линкіне кіріп тіркеледі.

Өтініштер көрсетілген күндер аралығында берілмеген жағдайда өтініштер қабылданбайды.

Байланыс мәліметтері:

Ардахан университеті ректораты (Ardahan Üniversitesi Rektörlüğü)

Студенттердің құжатын тіркеу басқармасы (Öğrenci İşleri Daire Başkanlığı)

Телефон нөмері: 0478 211 7575 (Орталық)

1286 (ішкі)